

## ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

### ***Күшін жойған***

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 1994 жылғы 31 наурыз N 307. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 18.01.1995 ж. N 62 қаулысымен.

Үкіметаралық комиссияларды қалыптастыруды ретке келтіру мен олардың қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Үкіметаралық комиссияның Қазақстан жағының тәң төрағасы мен жауапты хатшысын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін болып б е л г і л е н с і н .

2. Үкіметаралық комиссияның Қазақстан жағының тәң төрағасына

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің келісімі бойынша комиссияның адам саны мен жеке құрамына өзгерту енгізу және онда жұмыс атқару үшін республиканың мұддесі министрліктері мен ведомстволарының өкілдерін тарту құқығы берілсін.

3. Үкіметаралық комиссиялардың Қазақстан жағының тәң төрағаларына атқарылған жұмыс жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жарты жылда кемінде бір рет ақпарат беріп отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі